

**"Барлық деңгейдегі қала құрылышы жобаларына кешенді қала құрылышы сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 706 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 26 сәуірдегі № 239 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 25 мамырда № 15160 болып тіркелді.

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Барлық деңгейдегі қала құрылышы жобаларына кешенді қала құрылышы сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 706 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12414 болып тіркелген, 2015 жылғы 24 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

11-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Жобаны әзірлеуші Ведомствоға (жергілікті атқарушы органға) кешенді қала құрылышы сараптамасына жобалауға арналған тапсырмада көзделген қала құрылышы жобасының материалдарын және бастапқы құжаттарды (деректерді), қала құрылышы жобасының қажетті келісулерінің болуы туралы құжаттарды Іс-шаралар жоспарына сәйкес ұсынады.".

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс қуні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
министрі*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрі

\_\_\_\_\_ К. Бозымбаев  
2017 жылғы 27 сәуірде

*Ж. Қасымбек*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК